

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2023 жылғы жұмысының есебі және 2024 жылға арналған міндеттері туралы

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (бұдан әрі – *Архив*) қызметі Архивті дамытудың 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасын, Архив жұмысының 2022–2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын (бұдан әрі – *Стратегиялық жоспар*) жеті негізгі бағыт бойынша іске асыруға бағытталды.

1. Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету

2023 жылы мемлекеттік сақтауға қағаз жеткізгіште **8 000 іс** (1.1-тармақ) қабылдау жоспарланған болатын. Алайда **12 627 іс** қабылданды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 4 627 іске артық. Бұл ұлғаю Тұңғыш Президент Кеңесінің, Алматы қаласындағы Өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу агенттіктерінің таратылуына байланысты олардың істерін, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палата мен Президент Телерадиокешенінің сақтау үшін орынжайлары болмағандықтан, олардың құжаттарын жоспардан тыс қабылдауға байланысты болды.

Есепті кезең ішінде Архив жоспарлы негізде аса құнды құжаттар көшірмелерінің сақтандыру қорын жасау бойынша жұмыс жүргізді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 75 444 сақтау бірлігі микрофильмге көшірілді, бұл аса құнды құжаттардың жалпы көлемінің 75%-ын құрайды. 2023 жылы 1 770 сақтау бірлігіне 128 микрофильм жасалды (159 073 кадр) (1.2-тармақ). 2022 жылы да дәл осындай көлем орындалған болатын. Сақтандыру қорын құрудың жоспарлы көрсеткіштері жабдықтың жобалық қуатына, шығыс материалдарын сатып алуға қаржының бөлінуіне және еңбек ресурстарына байланысты.

Электрондық пайдалану қорын құру үшін (1.5, 1.6-тармақтар) құжаттарды және ғылыми-анықтамалық аппаратты – қағаз жеткізгіштегі істер тізімдемесін цифрландыру тұрақты негізде жүргізіледі. Осы жылдың 1 қаңтарында барлығы 215 870 сақтау бірлігі цифрландырылды, бұл жалпы сақтау көлемінің 13,7%-ын (1 564 704 сақ. бір.) құрайды. 2023 жылы 15 076 іс (немесе 2,3 млн парақ), сондай-ақ 203 істер тізімдемесі цифрландырылды.

2023 жылы алғаш рет аудио-, бейнеқұжаттарды цифрлық форматқа көшіру жұмыстары басталды. Барлығы 793 аудио-, бейнеқұжат (оның ішінде 166 бейнекассета, 411 аудиокассета, 216 магниттік таспа) цифрландырылды.

Тұрақты түрде істердің бар-жоғы және физикалық жай-күйі тексеріліп, 500-ден астам көмескі және өшіп бара жатқан мәтін анықталып, қайта терілді, 36 792 парақ қалпына келтірілді.

Есепті кезеңде электрмен жабдықтау желісіне бюджет қаражатын бөлу, құрылысын жүргізу және пайдалануға беру бойынша шаралар кешені жүзеге асырылды (1.8-тармақ). Бұл жұмыс өткен жылдың қазан айында аяқталып, Архив ғимараты электрмен жабдықтаудың 1-санатына қосылды.

2023 жылғы ақпанда Архивтің Астана қаласындағы ғимаратының құрылысы басталды (1.11-тармақ). «Mabetex Group» құрылыс компаниясымен, авторлық және техникалық қадағалау өкілдерімен бірлесіп мамандандырылған

технологиялық және жобалық шешімдерді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Есепті кезеңде 5 қабатты корпусы тұрғызу аяқталып, сумен жабдықтау, кәріз, орталық жылыту және электрмен жабдықтау жүйелері қосылды.

2. Архив қорын жинақтау

Есепті кезеңде бірлескен іс-шаралар жоспарлары негізінде Архивтің үйлестіруші рөлін күшейтуге және жинақтау көзі болып табылатын 45 ұйыммен өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған кешенді жұмыс ұйымдастырылды.

Архивтік құжаттардың құндылығына сараптама жасау және оларды мемлекеттік сақтауға тапсыруға дайындау үшін істерді қалыптастыру бойынша 29 мекемеге практикалық және әдістемелік көмек көрсетілді. Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және архивтік сақтаудың жай-күйі бойынша 8 кешенді және бақылау зерттеуі (2.1-тармақ), 9 әдістемелік семинар (2.2-тармақ) өткізілді.

Архивтің Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясының 19 отырысында 90 мәселе қаралды.

Президент Әкімшілігінің 2011 жылғы құжаттарын қоса есептегенде (2 722 іс) 4 803 ісіне, оның ішінде саяси мемлекеттік қызметшілердің 1993–2007 жылдардағы (1119 іс) жеке істерінің құндылықтарына сараптама жасалып, 2004–2005 жылдардағы жою актісіне бөлінген (962 іс) құжаттарға қайта сараптама жасалды. 2012 жылғы құжаттардың (2 800 іс) құндылығын сараптау жалғасуда (2.3-тармақ).

Жеке тектік қорларға сараптама жүргізіліп, 350 іс қалыптастырылды.

Мемлекет басшысының жеке архивін есепке алу мен сақтауды ретке келтіру мақсатында Президент Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жеке архиві туралы ереже (2.4-тармақ) бекітілді, ол Мемлекет басшысының жеке архивін қалыптастырудың әдіснамалық құралдарын жасау бойынша одан арғы жұмысқа негіз болады.

Стратегиялық жоспардың 2.6-тармағын орындау үшін жинақтау көздері – мемлекеттік ұйымдардың ведомстволық архивтері қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілді. Әдістемеге сәйкес бағалаудың сандық және сапалық көрсеткіштері ашық дереккөздерден қалыптастырылады, ал биылғы жылдың наурыз айында шығарылатын оның қорытындысы ведомстволық сақтаудағы құжаттардың қалыптасу жай-күйін, сақталуы мен қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін, сондай-ақ менеджмент сапасын айқындауға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижесі бойынша ақпарат Архивтің сайтында орналастырылады.

3. Архивті ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын сақтау мен зерделеудің республикалық орталығы ретінде қалыптастыру

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2021 жылы Архивте ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы құрылды.

1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге қатысты архивтік құжаттарды тапсыру туралы мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрықтары мен бекітілген кестелер негізінде 2022–2023 жылдар ішінде Архив ІІМ, ҰҚК және Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінің

құжаттарын қабылдау-тапсыру процесін ұйымдастырды (3.1-тармақ). Қазіргі уақытта бұл жұмыс аяқталды. Жалпы 2 жыл ішінде АрМА-дан қабылдау болжанған 700 000 істің 688 588-і қабылданды (оның ішінде 2023 жылы 425 829 іс), бұл Архивке тапсыру жоспарланған істер көлемін есептеу үшін АрМА ұсынған деректердің дәл болмауына байланысты.

Құжаттардың бұл көлемі іс жүзінде алдыңғы 100 жыл бойы жиналған Архив қорының көлеміне тең.

Анықтама: Архив қорының көлемі 1918–2018 жылдары 742 498 сақ. бір. құрады, ал құжаттарды жоспарлы қабылдау жылына 6 мың істен аспады.

Осылайша 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Архив құжаттарының көлемі **1 564 704 сақ. бір. құрады.**

Барлық қабылданған құжаттар шаңнан тазартылып, зарарсыздандырылды және арнайы бөлінген архив қоймаларына орналастырылды. Бұл ретте олардың физикалық жағдайы қанағаттанарлықсыз екенін атап өткен жөн. Мәселен, олардың **51%-ы толық**, ал **48,9%-ы ішінара** қалпына келтіруді талап етсе, **686 істі** қалпына келтіру мүмкін емес.

Бас прокуратураның Атырау және Павлодар облыстары бойынша, ПМ Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша АрМА-дан келіп түскен 30 665 архивтік-тергеу ісіне (50 000 іс – жоспар) ғылыми сараптама жүргізіліп, Ұлттық архив қорына енгізілді (3.2, 3.3-тармақтар). Бұл көрсеткіштің төмендеуі істерді толыққанды сипаттау үшін олардың әр парағын зерделеу, тізімдемеде көрсетілмеген адамдарды анықтау, парақтарды нөмірлеу және т.б. қажеттігіне байланысты болды, ал бұл тиісінше орындалған жұмыс көлеміне әсер етті.

«Аманат» деректер базасы әзірленіп, оған келіп түскен құжаттардың материалдары бойынша мәліметтер енгізіледі.

Архив қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар бойынша архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелерін беру бойынша қызметтер көрсетеді (3.4-тармақ). Есепті кезеңде жоспарлы көрсеткіш 100 болғанымен, 671 сұрау салу орындалып, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар бойынша 1 483 архивтік анықтама берілді.

Жыл бойында Архив қызметкерлері «Алаш» тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырып, оның нәтижесі бойынша 12 томдық «Алашорда ісі. 1920–1940 жж.» құжаттық жинағын басуға дайындады (3.5, 6.8-тармақтар).

Биылғы жылғы мамыр айында Президент Қ.К. Тоқаев Орталықтың жұмысымен танысты. Мемлекет басшысының қарауына Архивке түскен материалдар негізінде дайындалған тарихи-деректі көрме ұсынылды (3.6-тармақ).

Орталық сонымен бірге Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі – Мемкомиссия) жұмысын архивтік қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Жыл бойы оқу залында Мемкомиссияның 62 мүшесі жұмыс істеп, оларға 3859 «жабық» іс берілді. Жобалық офистің сұрау салуы бойынша 2 мыңнан астам құжат анықталып, олардың көшірмелері дайындалды.

2023 жылы Архивте арнауы мемлекеттік архивтерден берілген құжаттарды құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылып, оның құрамына ғылым және жоғары білім, ішкі істер министрліктерінің, Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің, Бас прокуратураның, жобалық офистің өкілдері кірді. Комиссияның 7 отырысында 2779 іс қаралып, құпиясыздандырылды.

Орталықтың жоғарыда аталған жұмысының қорытындысы туралы Архив директоры 2023 жылғы 26 желтоқсанда өткен Мемкомиссияның отырысында баяндады.

4. Архивті жетекші зерттеу орталығы және әдістемелік орталық ретінде дамыту

Есептік кезеңде «ҚР Президентінің Архивін қазіргі заман тарихының құжаттарымен жинақтап толықтыру: тәжірибе, проблемалар және перспективалары» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын (ҒЗЖ) іске асыру басталды. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша тарихнамалық шолу дайындалды (4.6-тармақ).

Қазақстан архивтерінің жинақталған ғылыми және әдістемелік әлеуетін мониторингтеу және бағалау, архив қызметін цифрландырудың жаңа трендтерін зерделеу сондай-ақ Архивтің 2011–2022 жылдардағы археографиялық қызметіне шолу жасау бойынша талдамалық есептер дайындалды (4.1, 4.5-тармақ).

Архивтің зерттеу орталығы және әдістемелік орталық ретіндегі қызметінің перспективалық бағыттарын анықтау, архив саласының мамандарына практикалық көмек көрсету мақсатында «Мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және ведомстволық архивтердің құжаттарын жинақтау, сақтау мен есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жинағы», «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қазіргі уақыт кезеңіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің өзекті бағыттары» жинағы, сонымен қатар «Архившілер мен құжаттанушыларды кәсіби даярлауды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету: отандық және шетелдік тәжірибелер (1991–2021 жж.)» ұжымдық монографиясы дайындалып, жарияланды. Жалпы таралымы 900 дананы құрады.

Есептік кезеңде құжаттану және архив ісі бойынша әдістемелік әдебиеттердің 5 түрі әзірленді (4.4-т.):

– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнаулы мемлекеттік архивтерінің құжаттарын құпиясыздандыру жөніндегі нұсқаулық;

– Төтенше жағдайлар кезінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Архивтің нұсқаулығы;

– архивтік құжаттардың электрондық көрмелерін жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;

– архив мекемелерінде оқу-өндірістік кафедраның жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;

– Архивтің Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жадынама.

2023 жылғы маусым айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің және Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің қолдауымен VI Халықаралық жас архившілердің жазғы мектебі өтті (4.3-тармақ), оған 8 елден (Қазақстан, БАӘ, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Танзания, Түрікменстан) 130 маман қатысты. Іс-шараны өткізудің негізгі мақсаты жас мамандарды архив мекемелерінің жұмысындағы жаңа технологиялармен және заманауи әдістермен

таныстыру болды. Жазғы мектептің бағдарламасы «Архивтердің ашықтығы мен қолжетімділігі: дамудың жаңа трендтері» тақырыбындағы дәрістер мен шеберлік сабақтарын қамтыды. Қазақстанның, БАӘ-нің, Ресей Федерациясының, Түркия Республикасының және Өзбекстанның ғалымдары мен практик мамандары дәріс оқыды.

Өткен жылдың қаңтар айындағы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың БАӘ-ге ресми сапары аясында Архив пен БАӘ Ұлттық кітапханасы мен архивтері арасындағы архив ісі саласындағы халықаралық байланыстарды жүзеге асыру жөніндегі келісімге қол қойылды.

Архив пен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейі, РФА Қалмақ ғылыми орталығы және «Қазақ газеттері» ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды (4.8-тармақ).

Халықаралық байланыстарды орнату және тәжірибе алмасу мақсатында Архив қызметкерлерінің ҚХР-ның, Өзбекстанның, Ресей Федерациясының және Литваның мемлекеттік архивтеріне іссапарлары ұйымдастырылды. Кездесулердің барысында ынтымақтастықтың перспективалары талқыланып, бірлескен жобаларды іске асыру мәселелері пысықталды. Архив қызметкерлері белгілі ғалымдар мен зерттеушілердің, практик архившілердің баяндамалары ұсынылған ғылыми сессияларға қатысты. Сондай-ақ іссапар шеңберінде екі қызметкер Литва мемлекеттік архивінде тағлымдамадан өтіп, сертификаттар алды.

Архив делегациясы Абу-Дабиде (БАӘ) өткен Халықаралық архивтер кеңесінің Конгресінің жұмысына қатысып, оның шеңберінде БАӘ-нің, Ұлыбританияның, ҚХР-ның, Эстонияның, Сингапурдың, Грузияның және Литваның архив мекемелерінің басшыларымен кездесулер өтті.

5. Архивті цифрлық трансформациялау және ақпараттық-ізвестіру жүйелерін дамыту

Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмасына сәйкес (13.08.2020 ж. № 20-01-46.70) «Е-Архив» АЖ дамыту және оған Архивті қосу жөніндегі Жол картасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Ведомстволық архив», «Мемлекеттік архив», «Сараптау-тексеру комиссиясы/Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясы» кіші жүйелерінің модульдерінің жұмысына талдау жүргізілді. Нәтижесінде 218 ескертпе мен ұсыныс Мәдениет және ақпарат министрлігіне жіберілді. Іске қосылған және тест түріндегі стендтерде барлығы 43 жүйені тестілеу, 80-нен астам жұмыс кеңестері өткізілді.

Архивтің 16 жинақтау көздері – мемлекеттік ұйымдарында «Е-Архив» АЖ орнатылды. Электрондық құжаттарды қалыптастыру және архивке тапсыруға дайындау мәселелері бойынша ұйымдарда оқыту семинарлары өткізілді (5.1-тармақ).

Архив тарапынан желілік Бірыңғай ақпараттық-ізвестіру жүйесін дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды. 30 000-нан астам цифрландырылған бейнелер

жүйеге экспортталып, «Анықтамалық-ақпараттық қор» және «Архивтің жинақтау көздері» модульдеріндегі деректер жаңартылды (5.2-тармақ).

Отандық және шет елдердің архивтерін цифрландыру трендтеріне талдау жүргізудің, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін зерттеудің және ақпараттық жүйелерді қорғаудың тиімділігін бағалаудың негізінде Архив тарапынан тиісті талдамалық есептер дайындалды (5.3, 5.6-тармақтар).

Жобалық шешім және «OpenArchive» мобильді қосымшасы әзірленді (5.4-тармақ).

Архивтің ресми интернет-ресурсын модификациялау бойынша жұмыс жүргізіліп, оның интерфейсі және негізгі айдарлары жаңартылды.

6. Архивтің ақпараттық қызметінің инновациялық құралдарын енгізу

Есепті кезеңде 653, оның ішінде 148 тақырыптық және 505 әлеуметтік-құқықтық сұрау салу орындалды. Архивтің оқу залында 550 зерттеуші болып, оларға 6 мыңға жуық архив істері берілді (6.1, 6.3-тармақтар).

Атаулы және әйгілі тарихи күндерге: Президент жанындағы ҚСЗИ-дің 30 жылдығына, А.Қ. Арыстанбекованың 75 жылдығына, ұлттық валютаның енгізілуіне 30 жыл толуына, Конституция және Республика күндеріне, «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңның қабылдануының 25 жылдығына арналған 7 тарихи-құжаттық көрме дайындалды. 4 дөңгелек үстел және 3 ашық есік күндері өткізілді (6.2-тармақ).

«Ашық қоғамға – ашық Архив» жобасын іске асыру аясында «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» атты мектептік оқу-зерттеу жұмыстарының конкурсы, Алматы қаласы оқушыларының қатысуымен «Болашақ архивші» іс-шарасы, Абай күніне арналған балалар арасында шығармашылық конкурс өткізілді (6.4-тармақ).

Архив жұмысы баспа және электрондық БАҚ-та кеңінен көрсетіліп, 151 ақпараттық материал (мақалалар, сұхбаттар, телесюжеттер) жарияланды. Барлық іс-шаралар Архивтің ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ оның әлеуметтік желілердегі парақтарында жарияланды. Нысаналы аудиторияны қамту 200,6 мың қаралымды құрады. Архивтің интернет-ресурсын және әлеуметтік желілердегі аккаунттарын қараудың орташа тәуліктік көрсеткіші 600 болды (6.5, 6.6-тармақтар).

«Жаңа Архив» ғылыми-әдістемелік журналының төрт саны жарық көрді (6.7-тармақ).

Қызметкерлер дайындаған құжаттық жинақтардың қолжазбалары, әдістемелік және талдамалық материалдар белгіленген тәртіппен Архивтің Ғылыми кеңесінің қарауына шығарылды.

Жастардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыру мақсатында Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге Архивтану және іс жүргізу бойынша республикалық студенттік олимпиада өткізілді, Жезқазған қаласында Ұлытау облысының әкімдігі мен мемлекеттік архивінің қолдауымен V Республикалық жас архившілердің конкурсы өткізілді (6.9-тармақ).

7. Кадрлық әлеуметті дамыту

108 штаттық бірліктің ішінде негізгі персонал 59%-ын құрайды, қызметкерлердің 40%-ының «Архивтану, құжаттану», «Тарих» мамандықтары бойынша бейіндік білімі бар. 3 қызметкердің ғылым докторы, 4 қызметкердің ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар, 4 қызметкер PhD бағдарламаларының түлегі болып табылады, 27 қызметкердің магистр академиялық дәрежесі бар.

Персоналды тиімді басқаруды ұйымдастыру мақсатында Архивтің корпоративтік кодексі, персоналды іріктеу, таңдау және жалдау, кадр резервін қалыптастыру жөніндегі ережелер дайындалды (7.3, 7.5, 7.7-тармақтар).

Есепті кезеңде Архивтің 10 қызметкері отандық және шетелдік мекемелерде біліктілігін арттырды (7.8.-тармақ). 2023 жылы бір қызметкерге әлеуметтік ғылымдар магистрі (7M03207 – IT Архивтану және құжаттану) дәрежесі берілді (7.9-тармақ).

Архивтің 3 қызметкері мемлекеттік, 1 қызметкер ведомстволық наградамен марапатталып, бірқатар қызметкерге алғыс хаттар мен грамоталар табысталды.

Архив базасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Архив ісі және құжаттану» өндірістік кафедрасының жұмысы ұйымдастырылды. Жыл бойы Архивте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың, Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ-дің және Алматы көпсалалы колледжінің 89 студенті мен магистранты өндірістік практикадан өтті (7.11-тармақ).

Жалпы Архивтің 2023 жылға арналған, 47 тармақтан тұратын Стратегиялық жұмыс жоспары орындалды. Бұл ретте 4 көрсеткіш бойынша артығымен орындалу байқалады (1.1 «Құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау» (157 %); 3.4 «АрМА құжаттары бойынша жеке және заңды тұлғалардың тақырыптық және әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын орындау» (671%); 6.5 «БАҚ-та Архив қызметін жариялау» (122 %), 6.6 «Архивтің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақтарын қарау санының артуы» (143 %). Екі тармақ (2.3. «Құжаттардың құндылығын сараптау» және 4.3 «Саяси қуғын-сүргін тарихы бойынша АрМА құжаттарын ҚР ҰАҚ құрамына енгізу») ішінара орындалды. Жоғарыда аталған тармақтардың ішінара орындалу себептері түсіндірілген ақпарат Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберілді. Қарау қорытындысында 2.3-тармақ бойынша жаңа орындау мерзімі белгіленді (Президент Кеңесінің бастығы Б.Ш. Сариевтің 11.01.2024 ж. № 24-146 қарары), ал 4.3-тармақ бойынша көрсеткіштер төмендету жағына қайта қаралды (Президент Әкімшілігі Жалпы бөлімінің меңгерушісі Н.Т. Төлеевтің 22.01.2024 ж. № 24-01-44.5 (23-5891)-1 қарары).

2024 жылға арналған міндеттер

Ағымдағы жылы Архив қызметі Архивті дамытудың 2035 жылғы дейінгі тұжырымдамасына және Архивтің 2022–2025 жылдарға арналған стратегиялық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Архив қорларының сақталуын және жинақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сақтауға **7500** дәстүрлі және **2000** цифрлық жеткізгіштегі істерді қабылдау жоспарланып, аса құнды құжаттардың

сақтандыру қорын құру және құжаттарды цифрландыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады, **7000** басқару ісі мен **400** жеке тектік қорлар істерінің құндылығына сараптама жүргізіледі.

Архивтің **9** зерттеу, **7** оқыту семинарларын өткізу, сондай-ақ олардың ведомстволық архивтерінің тиімділігін бағалау арқылы жинақтау көздері – ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы жалғасады.

АрМА-дан қабылданған **50 000** істі ғылыми-техникалық өңдеу және оларды Ұлттық архив қорының құрамына енгізу қажет. Бүлінген құжаттарды реставрациялау мен қайта қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлінетін болады.

АрМА материалдары бойынша Н.Н. Нұрмақовтың 130 жылдығына арналған құжаттамалық жинақ басылымға дайындалып, 2 жинақ, оның ішінде біреуі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп шығарылады.

Архивті дамыту және оны жетекші зерттеу орталығы ретінде көрсету мақсатында «Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін қазіргі заман тарихының құжаттарымен жасақтау: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» тақырыбы бойынша ҒЗЖ-ны іске асыру жалғасады. Әдістемелік жұмыс аясында **2** талдамалық және **2** әдістемелік шолуды дайындау, **6** әдістемелік ұсынымды әзірлеу, **4** әдістемелік семинарды өткізу, құжаттану мен архив ісінің өзекті мәселелері бойынша **2** дөңгелек үстелді ұйымдастыру жоспарланып отыр.

2024 жылы 8 тарихи-құжаттық, оның ішінде виртуалды және интерактивті көрмелер де өткізіледі. С.Қ. Нұрмағамбетовтің 100 жылдығы, Қ.И. Сәтбаевтың 125 жылдығы жеке іс-шаралармен атап өтіледі.

2024 жылы «ЭБААІЖ» АЖ-ның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту міндеттері аясында цифрландырылған құжаттар бойынша ақпаратты толық мәтіндік іздеу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Архивті цифрландырудың бизнес-процестерін бірыңғай платформалық шешімде жобалау жоспарлануда.

Архивті материалдық-техникалық және кадрлық жағынан қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады. Архив қоймаларын автоматты газды өрт сөндіру жүйесімен жарақтандыру, лифт жабдықтарын жаңғырту және қалпына келтіру жабдықтарын сатып алу жоспарлануда.

Ағымдағы жылы бекітілген мансаптық өсу саясатына сәйкес жас мамандармен жұмыс өсу траекториясы болады. Тағылымдамаларды ұйымдастыру және қайта даярлау курстарында оқыту арқылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру күтілуде.

Ақпараттық-имидждік жұмыстың негізгі арқауы Архивтің 30 жылдығы болмақ.

2024 жылы Архивтің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі ағымдағы жылдың күзінде Халықаралық архивтер кеңесінің қатысуымен 2-ші Халықаралық архившілер конгресін өткізу болып табылады.

Астана қаласында Архивтің жаңа ғимаратының құрылысын ескере отырып, оны пайдалануға беруге байланысты дайындық іс-шараларының жоспары да әзірленетін болады.